

**А.Д. Өміртай** , **Р.Е. Елемесов** 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,  
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: abeku@mail.ru

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІГІН БАСҚАРУ

Энергетикалық қауіпсіздік дегеніміз – елдің, оның азаматтарының, қоғамның, мемлекеттің, экономиканың сенімді түрде энергетикалық қауіпсіздікпен қамтамасыз етілуі. Бұл қауіптер сыртқы (геосаяси, макроэкономикалық, нарықтық) факторлармен, сондай-ақ елдің энергетикалық секторының жағдайы мен жұмысымен де анықталады. Энергетикалық қауіпсіздік – Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігінің маңызды құрамдас бөлігі. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету энергетикалық саясаттың басты міндеттерінің бірі болып табылады. Электр энергиясына сұраныстың өсуіне халықтың өсуі, урбанизация, өндіріс пен тұрмыстың электрификациясы сияқты факторлар әсер етеді. Электр энергиясына сұраныс жер тұрғындарының өсуімен байланысты. Қазір бүкіл әлем бойынша миллиардтан астам адам электр энергиясына қол жеткізе алмайтындықтан, ірі дамушы елдердің күш-жігері бұл бағытта электр энергиясына сұраныстың өсуінің басты көзі болады. Зерттеу жұмысының мақсаты – энергетикалық қауіпсіздіктің теориялық негіздерін зерделеу және еліміздегі энергетикалық қауіпсіздіктің жалпы ұлттық қауіпсіздіктегі мәселелерін жетілдіру. Зерттеу жұмысының маңыздылығы қоғамның қазіргі даму кезеңінде энергетикамен қамтамасыз ету және қауіпсіздікті реттеу кез келген экономикалық жүйе үшін стратегиялық маңызды болып табылады. Отын-энергетика кешенін қамтамасыз ету және қауіпсіздік деңгейін арттыру әлеуметтік-экономикалық дамуға және халықтың өмір сүру сапасын арттыруға қолайлы болады. Жылу, жарық және газсыз заманауи өмірді елестету қиын. Экономиканың онсыз қалыпты жұмыс істеуі мүмкін емес.

**Түйін сөздер:** энергетика, ұлттық қауіпсіздік, энергетикалық қауіпсіздік, ЕАЭО.

A.D. Omirtay, R.E. Elemesov  
Al-Farabi Kazakh National University,  
Kazakhstan, Almaty, e-mail: abeku@mail.ru

**Energy security administration  
of the Republic of Kazakhstan**

Energy security is a state of security of the country, its citizens, society, state, economy from threats to reliable fuel and energy supply. These threats are determined both by external (geopolitical, macro-economic, conjunctural) factors and by the actual state and functioning of the country's energy sector. Energy security is the most important component of the national security of Kazakhstan. Ensuring national security is one of the main tasks of energy policy. The growth of demand for electricity is influenced by such factors as population growth, urbanization, electrification of production and life. The demand for electricity is associated with the growth of the World's population. With more than a billion people now without access to electricity worldwide, the efforts of major developing countries will be the main source of growth in electricity demand in this direction. The aim of the work is to study the theoretical foundations of energy security and improve the energy security system. The relevance of the topic lies in the fact that at the present stage of development of society, the regulation of energy security is strategically important for any economic system. Ensuring and increasing the level of safety of the fuel and energy complex is conducive to socio-economic development and improving the quality of life of the population. It is difficult to imagine modern life without heat, light and gas. Normal functioning of the economy is impossible without it.

**Key words:** energy, national security, energy security, EAEU.

А.Д. Өміртай, Р.Е. Елемесов

Казахский национальный университет имени аль-Фараби,  
Казахстан, г. Алматы, e-mail: abeku@mail.ru

**Управление энергетической безопасностью  
Республики Казахстана**

Энергетическая безопасность – это состояние защищенности страны, ее граждан, общества, государства, экономики от угроз кризиса в топливо- и энергообеспечении. Эти угрозы определяются как внешними (геополитическими, макроэкономическими, конъюнктурными) факторами, так и собственно состоянием и функционированием энергетического сектора страны. Энергетическая безопасность является важнейшей составляющей национальной безопасности Казахстана. Обеспечение национальной безопасности – одна из основных задач энергетической политики. На рост спроса на электроэнергию влияют такие факторы, как рост населения, урбанизация, электрификация производства и быта. Спрос на электроэнергию связан с ростом населения Земли. Поскольку сейчас по всему миру более миллиарда человек не имеют доступа к электроэнергии, усилия крупных развивающихся стран станут главным источником роста спроса на электроэнергию в этом направлении. Цель работы – изучение теоретических основ энергетической безопасности и совершенствование системы энергетической безопасности. Актуальность темы заключается в том, что на современном этапе развития общества регулирование энергетической безопасности является стратегически значимым для любой экономической системы. Обеспечение и повышение уровня безопасности топливо-энергетического комплекса благоприятствует социально-экономическому развитию и повышению качества жизни населения. Сложно представить себе современную жизнь без тепла, света и газа. Нормальное функционирование экономики без этого невозможно.

**Ключевые слова:** энергетика, национальная безопасность, энергетическая безопасность, ЕАЭС.

## **Кіріспе**

Бүгінгі таңда энергетика әр елдің, оның ішінде Қазақстанның экономикасының маңызды секторларының бірі болып табылады және оның қауіпсіздігі тұтастай алғанда ұлттық қауіпсіздіктің және атап айтқанда экономикалық қауіпсіздіктің маңызды бөлігі болып табылады. Жыл сайын энергияны тұтынудың артуы және сұранысты қанағаттандыру басым міндет болып табылады. Қазіргі уақытта энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету өзекті бағыт болып табылады, ол соңғы жылдары ішкі және сыртқы факторлардың әсерінен айтарлықтай өсті. «Қазақстан-2050» Стратегиясында Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті «...Қазақстан жаһандық энергетикалық қауіпсіздіктің негізгі элементтерінің бірі болып табылатынына назар аударды. Әлемдік деңгейдегі мұнай мен газдың ірі қоры бар еліміз өзінің сенімді стратегиялық әріптестік және энергетика саласындағы өзара тиімді халықаралық ынтымақтастық саясатынан бір қадам бас тарта алмайды» деп көрсеткен болатын (Қазақстан-2050 стратегиясы, 2012). Осыған байланысты мемлекеттік билік органдарынан елдің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған ұзақ мерзімді сипаттағы басқару қызметін негізді,

ұтымды және тиімді жүзеге асыру талап етіледі. Соңғы уақытта энергетикалық қауіпсіздік ұғымының өзін түсіндіруде зерттеулердің белгілі бір бағытқа ауысқандығын байқауға болады. Егер бұрын энергетикалық қауіпсіздік деп негізгі тұтынушыларды көмірсутек ресурстарымен тұрақты жабдықтау ғана түсінілсе, енді ол айтарлықтай кеңірек түсіндіріліп келеді және оған өндіру, тасымалдау және әлемдік нарықтарда сату кіреді. Тиісінше, тек жеткізуші елдер ғана емес, сонымен қатар транзиттік мемлекеттер, тұтынушылар, сондай-ақ трансұлттық энергетикалық корпорациялар, яғни энергетикалық тізбектің барлық буындарының өкілдері ортақ жауапкершіліктің өз үлесін көтеруге тиіс. Осылайша, мемлекет пен шаруашылық жүргізуші субъектілердің экономика мен энергетика саласындағы өзара іс-қимылының күшеюі жұмыс істеудің салааралық, өңіраралық және мемлекетаралық жағдайларының базасында мүмкін болады. Аталған жағдайлар, сондай-ақ әлеуметтік аспектілерін және «энергетика-экономика-экология» үштік балансының жетістіктерін ескере отырып, елдің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін мемлекеттік басқарудың неғұрлым тиімді нысандарын іздестіру қажеттілігі туындайды.

## Әдебиеттерге шолу

Елдің қауіпсіздігі мәселесі бойынша көптеген зерттеулердің болуына қарамастан, қазіргі заманғы ғылыми қоғамдастықта экономикалық қауіпсіздік категориясын және оның құрылымдық мазмұнын анықтаудың бірыңғай тәсілі жоқ (Азатбек, 2017: 350). Басылымдардан байқайтынымыз талдауы XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап терминге деген қызығушылықтың айтарлықтай өскенін көрсетті. Қауіпсіздік бойынша бірінші мақала медицина саласындағы Scopus деректер базасында 1852 жылы пайда болды. Барлығы «қауіпсіздік» тақырыбы бойынша 1852 жылдан бастап 2018 жылға дейін 522778 мақала жарияланған. Б. Бузанның пікірінше, анархистік саяси құрылым мен нарықтың экономикалық құрылымы арасындағы қатынасты талқылайтын экономикалық қауіпсіздік тақырыбында белсенді пікірталастар өтуде. Бұл пікірталастар әр түрлі тәсілдермен сипатталатын мемлекет пен қоғамның нарыққа қатысты ұстанымымен, сондай-ақ жекелеген экономикалық субъектілердің өз талаптары бар жағдайлармен тығыз байланысты (Buzan, 1998: 237). Тағы бір еңбегінде Б. Бузан экономикалық қауіпсіздік мемлекетте байлық пен қуаттың қолайлы деңгейін қолдау үшін қажетті ресурстарға, қаржыға және нарықтарға қол жеткізумен байланысты екенін айтады (Buzan, 1983: 262). П. Хьюдің пікірінше, әлемдік экономиканы зерттеу оның тұжырымдалуының парадигмасынан басқа, экономикалық қауіпсіздікті арттыру үшін идеология ретінде қабылдануы мүмкін үш негізгі тәсілге негізделген. Бұдан басқа, экономикалық қауіпсіздікке: либералдық тұрғыдан – неғұрлым қарқынды жаһандану арқылы, меркантилистер тұрғысынан – аз жаһандану есебінен; және марксистік тұрғыдан – әлемдік деңгейдегі түбегейлі өзгерістермен қол жеткізілуі мүмкін.

Осыған байланысты, әртүрлі идеологиялық ұстанымдар экономикалық қауіпсіздік дискурсінің басымдықтарына әртүрлі көзқарастарды туындатады. Алайда, қазіргі уақытта бұл дискурс либералды күн тәртібімен және оны жүзеге асырудың салдарларымен қалыптасады (Hough, 2008: 293).

1981 жылы Ж. Нии мен Д. Диз энергетикалық қауіпсіздікті «тұтынушыға қолжетімді бағалар бойынша мұнайды үздіксіз жеткізу» деп анықтады. Алайда, содан бері энергия қауіпсіздігі мәселелерін түсіну өзгеріске ұшырады. Бұл көбінесе жаһандану үдерістерінің, адамның

экономикалық қызметі сипатының күрделенуі мен өзгеруінің, сондай-ақ жаңа сипаттағы сын-қатерлер мен қауіптердің, атап айтқанда, климаттың жаһандық өзгеруінің әсерінен болды. Осының барлығы «энергетикалық қауіпсіздік» ұғымының көптеген жаңа анықтамаларының пайда болуына әкелді (David, 1981: 185).

Сонымен қатар, М. Церетели ұқсас тәсілмен экономикалық қауіпсіздік тұжырымдамасы адамдар (адам капиталы), капитал, энергетика, су, технология және білім сияқты нарықтар мен ресурстардағы экономикалық мүмкіндіктерге қол жеткізудің ұзақ мерзімді қауіпсіздігіне қатысты екенін көрсетеді. Бұл тұжырымдама адамдар мен халықтар үшін маңызды, тек еркін адамдар ғана еркін қоғам құра алады, ал олардың еркіндігі адамдардың экономикалық қауіпсіздігіне сүйенеді. Әрбір мемлекеттің ұзақ мерзімді ішкі тұрақтылығы ұлттық қауіпсіздіктің басты факторы болып табылады. Алайда экономикалық өсусіз тұрақтылық және жеке тұлғалар үшін экономикалық қызметті еркін таңдау мүмкіндігі жоқ деп көрсетеді (Tsereteli, 2008).

Әлемдік тәжірибеге сәйкес, «экономикалық қауіпсіздік» анықтамасы пайда болғанға дейін әлемде «ұлттық экономикалық қауіпсіздік» ұғымы қолданылды, ол өткен ғасырдың 80-ші жылдарының ортасында батыс әдебиетінде танымал болды (Колупаев, 2002: 2-9). Қазіргі заманғы мемлекеттің табысты экономикалық дамуы, оның халықаралық аренадағы бәсекеге қабілеттілігі мемлекеттің энергия ресурстарымен қамтамасыз етілу дәрежесіне тікелей байланысты екенін байқауға болады. Мұндай тәуелділік XX ғасырдың басында британдық адмирал Джон Фишер былай деп көрсетіп кеткен: «Мұнайды кім иеленсе, ол әлемді билейді» (Sustainable Energy Authority of Ireland, 2011). Қазіргі заманғы саяси проблемалар оларды экономикалық процестермен тығыз байланыста қарастыруды талап етеді (Wallis, 2010: 442-462). Мәселен, бір қарағанда, экономикалық сипатқа ие энергетикалық қауіпсіздік проблемасы тікелей мемлекеттің саяси қауіпсіздігін қозғайды (Jacks, 2011: 185-201). Бұл халықаралық қатынастар теориясы тұрғысынан энергетикалық қауіпсіздік мәселелерін талдауға итермелейді. Алайда, ұлттық және энергетикалық қауіпсіздік мәселелері арасындағы өзара байланыс халықаралық қатынастар туралы әр түрлі теориялық ғылыми мектептердің өкілдерімен түсіндіріледі (Checkel, 2008).

Экономикалық қауіпсіздіктің ерекшелігі экономикалық, әлеуметтік-саяси, өндірістік және

өзге де қатынастардың жай-күйін анықтауға ықпал етеді, бұл ретте ұлттық экономикалық мүдделерді ішкі және сыртқы қауіп-қатерлердің теріс әсерінен сенімді қорғау қамтамасыз етіледі.

### Методология

Зерттеу жұмысының әдіснамалық базасы экономикалық құбылыстарды зерделеудің жүйелі тәсілі, SWOT-талдау, салыстырмалы және институционалдық талдау әдістері, сондай-ақ экономикалық процестерді статистикалық көрсеткіштер негізінде салыстырмалы талдау болып табылады.

Посткеңестік елдерімен интеграциялық үдерістерді күшейту және Қазақстанның ЕАЭО елдерімен экономикалық ынтымақтастығын жандандыру аясында оның тұрақты дамуы үшін қажетті жағдай ретінде елдің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері неғұрлым өзекті болып отыр. Экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету ұзақ мерзімді стратегиялық міндет болып табылады және маңызды әлеуметтік-экономикалық және сыртқы саяси шешімдерді қабылдау кезінде ел басшылығы Қазақстанның экономикалық қауіпсіздігінің ағымдағы жай-күйін және қабылданатын шешімдердің оның өзгеруіне әсерін бағалаған жөн.

2015 жылы Қазақстан экономикасының өсу қарқынының 1,2%-ға дейін бәсеңдеуі мұнай мен басқа да шикізат тауарларына әлемдік бағаның құлдырауына байланысты болды. Ал, 2017 жылы Қазақстан экономикасы 4%-ға өскендігі туралы мәліметті 1-кестеден көре аламыз:

**1-кесте** – Қазақстан Республикасының 2015-2017 жылдарға арналған негізгі макроэкономикалық көрсеткіштері

Көрсеткіштер	2015	2016	2017
Экономикалық өсу (ЖІӨ-нің өзгеруі, %)	1,2	1,1	4
Инвестициялар деңгейі (Инвестиция/ЖІӨ, %)	17,2	16,5	16,8
Тұтыну деңгейі (тұтыну / ЖІӨ, %)	65,3	66,1	69
Инфляция (өткен жылға қарағанда)	13,6	8,5	7,1
Мемлекеттік бюджет тапшылығы/ ЖІӨ, %	-2,2	-1,6	-2,8
Ағымдағы шот/ЖІӨ сальдосы, %	-2,8	-6,5	-4,2
Ескерту – ҚР Статистика комитеті, ҚР Ұлттық банк ресми интернет-ресурстары деректерінің негізінде авторлармен құрастырылған			

Қазақстанда елдің экономикалық қауіпсіздігі келесі қауіпсіздік түрлерінің жай-күйі арқылы ашылады:

1) мемлекет оның тұтастығын, тәуелсіздігін және орнықты дамуын қамтамасыз етуге қабілетті нақты және ықтимал қатерлерден қаржы жүйесінің қорғалуының жай-күйін көздейтін қаржылық қауіпсіздікпен;

2) экономиканың, оның ішінде агроөнеркәсіптік кешеннің қорғалуының жай-күйін көздейтін азық-түлік қауіпсіздігі, бұл ретте мемлекет халықтың тұтынудың және демографиялық өсудің физиологиялық нормаларын қанағаттандыру үшін жеткілікті сапалы және қауіпсіз азық-түлік тауарларының халыққа физикалық және экономикалық қолжетімділігін қамтамасыз етуге қабілетті болуымен;

3) экономиканың отын-энергетикалық, мұнай-газ және атом-энергетикалық кешендерінің нақты және ықтимал қатерлерден қорғалуының жай-күйін көздейтін энергетикалық қауіпсіздік, бұл ретте мемлекет қоғам мен мемлекеттің энергия ресурстарына қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін энергетикалық тәуелсіздікті және олардың тұрақты дамуын қамтамасыз етуге қабілетті болуымен;

4) экономиканың көлік саласының нақты және ықтимал қауіп-қатерлерден қорғалуының жай-күйін көздейтін көлік қауіпсіздігі, бұл ретте мемлекет экономика мен халықтың автомобиль, темір жол, әуе, теңіз және өзен көлік түрлерімен және олармен байланысты қызметтермен тасымалдауға қажеттілігін қанағаттандыру үшін жағдай жасауды, көлік инфрақұрылымын қалыптастыру мен дамытуды, сондай-ақ транзиттік әлеуеттің тұрақты дамуы мен бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуге қабілетті болуымен сипатталады (ҚР Ұлттық қауіпсіздік туралы заңы, 2012).

Қазақстан Республикасының Қаржы қауіпсіздігі. Қаржылық қауіпсіздікті қамтамасыз ету деңгейінің ағымдағы жай-күйін бағалау және оның өзгерістері үшін келесі көрсеткіштер қолдануға болады: бір жылдағы инфляция деңгейі; бюджет тапшылығы, ЖІӨ-ге пайызбен; Ұлттық қордың активтерін қоса алғанда, алтын-валюта резервтері, ЖІӨ-ге пайызбен; фирмааралық берешекті қоспағанда, сыртқы борыш, ЖІӨ-ге пайызбен; шетел валютасының көлемі, ақша массасына пайызбен. Еліміздің қаржылық жағдайына жасалған талдауды 2-кестеден көре аламыз:

**2-кесте – ҚР қаржылық қауіпсіздігін қамтамасыз ету деңгейін бағалау**

Көрсеткіштер	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	Шекті мәні
Бір жылдағы инфляция деңгейі, %	4,8	7,4	13,6	8,5	7,1	7
Бюджет тапшылығы, ЖІӨ-ге %	1,9	2,7	2,2	1,6	2,8	1
Алтын-валюта резервтері (Қор ҰАО активтерін қоса алғанда), ЖІӨ-ге %	40,4	46,2	49,5	66,2	6,5	20
ЖІӨ-ге сыртқы борыш	32,1	35,2	30,8	42,9	9,5	100
Ақша массасына Шетел валютасының көлемі, %	25	38	50	37	31	10
Ескерту – ҚР Статистика комитеті, ҚР Ұлттық банк ресми интернет-ресурстары деректерінің негізінде авторлармен құрастырылған						

2-кестеде ұсынылған деректер бойынша Қазақстанның қаржылық қауіпсіздігі бес көрсеткіштің үшеуі бойынша қамтамасыз етілмейтінін атап өтуге болады: инфляция деңгейі, бюджет тапшылығы және ақша массасына шетел валютасының көлемі. Қазақстан экономикасының ЕАЭО интеграциясы қаржы қауіпсіздігінің екі көрсеткішіне – инфляция деңгейіне және шетелдік валюта көлеміне теріс әсер етті деген қорытынды жасауға болады, бұл көбінесе Ресейдегі валюта бағамының өзгеруіне байланысты. Бұдан басқа, Ұлттық қордан берілетін трансферттерсіз ЖІӨ-нің 38%-ын құрайтын мемлекеттік бюджет тапшылығы қаржылық қауіпсіздікке қатер болып табылады. Екінші жағынан, қаржылық интеграция қаржылық

қызметтер спектрін кеңейтуге мүмкіндік береді және ЕАЭО-ға мүше елдерге инвестиция ағынын қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасының азық-түлік қауіпсіздігі. Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету деңгейін бағалау келесі көрсеткіштер бойынша жүргізілді: халықтың жан басына шаққандағы тамақ өнімдерін өндіру; жан басына шаққандағы астық өндірісі; табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен халықтың үлесі; азық-түлік өнімдерін тұтынуға импорттау; азық-түлік өнімдерін өндіріске экспорттау; өңдеу өнеркәсібінде тамақ өнімдерін өндіру үшін. Осы көрсеткіштерді қолдана отырып, азық-түлік саласындағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету деңгейіне жасалған талдауды 3-кестеден көре аламыз:

**3-кесте – Қазақстан Республикасының азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету деңгейін бағалау**

Көрсеткіштер	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	Шекті мәні
Жан басына шаққандағы астық өндірісі, тонна	1,08	1,00	1,07	1,17	1,15	1,00
Табысы күнкөріс минимумынан төмен халықтың үлесі, %	2,9	2,8	2,7	2,6	2,6	8
Халықтың жан басына шаққандағы тамақ өнімдерін өндіру, нақты бағамен, мың теңге	55,54	59,54	56,70	74,72	77,47	38,97
Азық-түлік өнімдерін тұтынуға импорттау, %	26,0	25,8	26,8	23,9	22,8	15
Азық-түлік өнімдерін өндіріске экспорттау, %	30,0	29,0	29,0	35,0	31,0	27,0
Өңдеу өнеркәсібіндегі тамақ өнімдерін өндіру үлесі, %	16,6	18,1	18,8	18,0	16,1	18,1
Ескерту – ҚР ҰЭМ жанындағы Статистика комитетінің ресми интернет-ресурстарының деректері бойынша авторлармен құрастырылған						

Деректерге сүйене отырып (3-кесте), Қазақстанның азық-түлік қауіпсіздігі таңдалған алты өнімнің үш көрсеткіші бойынша қамтамасыз етілмейтіні туралы қорытынды жасауға болады:

азық-түлік өнімдерін тұтынуға импорттау, тамақ өнімдерін өндіріске экспорттау және өңдеу өнеркәсібіндегі тамақ өнімдерін өндіру үлесі. Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету деңгейі

үш көрсеткіш бойынша өсті: нақты бағаларда жан басына шаққандағы тамақ өнімдерін өндіру және жан басына шаққандағы астық өндірісі артты, ал табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен халықтың үлесі тұрақты төмендеуде. Осы факторлар жиынтығында азық-түлік қауіпсіздігі деңгейіне оң әсер етеді.

Қазақстан Республикасының энергетикалық қауіпсіздігі. Энергетикалық қауіпсіздіктің ағымдағы жай-күйін бағалау және оның өзге-

рістері үшін келесі көрсеткіштер таңдалды: энергетикадағы негізгі құралдарды жаңарту коэффициенті; отын-энергетикалық ресурстардың тұтынуға импорты; жан басына шаққандағы электр энергиясын тұтыну; электр энергиясын өндірудің жалпы көлеміндегі жаңартылатын ресурстардың үлесі; жан басына шаққанда электр энергиясын өндіру. Төмендегі кестеден еліміздегі энергетикалық қауіпсіздігіне арналған бағалауды көре аламыз:

**4-кесте** – Қазақстан Республикасының энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету деңгейін бағалау

Көрсеткіштер	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	Шекті мәні
Энергетикада негізгі құралдарды жаңарту коэффициенті	11,00	6,00	6,00	6,00	-	6,00
Отын-энергетикалық ресурстарды тұтынуға импорттау, %	11,66	6,76	7,42	8,33	11,3	6,76
Халықтың жан басына шаққандағы электр энергиясын тұтыну, мың кВт * сағ	5,30	5,34	5,22	5,22	5,06	1,20
Электр энергиясын өндірудің жалпы көлеміндегі жаңартылатын ресурстардың үлесі, %	8,10	8,70	10,30	12,70	-	10,00
Жан басына шаққанда электр энергиясын өндіру, мың кВт * сағ	5,48	5,52	5,26	5,36	6,02	1,20

Ескерту – ҚР ҰЭМ жанындағы Статистика комитеті, ҚР Энергетика министрлігі ресми интернет-ресурстарының деректері бойынша авторлармен құрастырылған

Мәліметтерді ескере отырып (4-кесте), Қазақстанның энергетикалық қауіпсіздігі екі көрсеткішті қоспағанда қамтамасыз етілетінін атап өту керек: тұтынуға отын-энергетикалық ресурстар импорты және электр энергиясын өндірудің жалпы көлеміндегі жаңартылатын ресурстар үлесі. Өндірістің жалпы көлеміндегі жаңартылатын ресурстар үлесінің көрсеткіші 2015 жылдан бастап шекті (қауіпсіз) деңгейге жетті.

Жан басына шаққанда электр энергиясын өндіру көрсеткіші бойынша энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету деңгейінің өсуі – 2010 жылдан бастап 2017 жылға дейін 18%-ға және тұтыну бойынша 3%-ға төмендегенін атап өтуге болады. Қазақстан экономикасының энерго тиімділігін 2013 жылдан бастап халықтың электр энергиясын тұтынуы өндіріс көлемінен аз екенін көрсетеді, бұл Ресейге электр энергиясының артығын экспорттауға мүмкіндік береді.

Қазақстанның Еуразиялық кеңістікте экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету деңгейін анықтау мақсатында 2010-2017 жыл-

дары оның үш түрі бойынша экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету дәрежесі қаралды. Экономикалық қауіпсіздіктің әрбір түрі үшін қауіпсіздікті қамтамасыз ету дәрежесін, сондай-ақ олардың шекті мәнін бағалауға мүмкіндік беретін көрсеткіштер таңдап алынды, онда ағымдағы күнгі деңгейді ескере отырып, Еуразиялық кеңістіктегі интеграциялық процестерді жандандыру сәтінде 2010 жылы қауіпсіздікті қамтамасыз ету деңгейі салыстырылады.

Осылайша, экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету деңгейі бірлік үшін шекті мәнді қабылдай отырып, нақты көрсеткіштің шекті мәнге қатынасы үшін қабылдануы мүмкін. Бұл ретте есептеулер нормаланады: оны қалаған ұлғайту кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету деңгейі іс жүзіндегі көрсеткіштің шекті көрсеткішке қатынасы ретінде және керісінше, егер жақсырақ төмендету болса, шекті нақты деңгейге қатынасы ретінде қабылданады.

Энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі отын энергетикалық кешеннің ағымдағы жай-күйін SWOT-талдау негізінде қолда

бар мүмкіндіктерді іске асыру және қауіп-қатерлерге қарсы тұру үшін ОЭК ішкі күштер мен ресурстарға ие болуын және қандай ішкі кемшіліктер тез арада жоюды талап ететінін анықтауға болады (5-кесте). Осылайша, ұсынылған SWOT-талдау бірнеше қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Біріншіден, энер-

гетиканың жалпы Қазақстан экономикасы үшін стратегиялық маңызын ескере отырып, энергетикалық сектордың мемлекеттің күшті ықпалында екені таңқаларлық емес. Екіншіден, энергетика саласындағы дәйекті саясат Қазақстанға елдің мұнай байлығын басқару үшін Ұлттық қор құруға мүмкіндік берді.

5-кесте – Қазақстанның энергетикалық саласының ағымдағы жай-күйін SWOT-талдау

Артықшылықтары	Кемшіліктері
<ul style="list-style-type: none"> <li>— елдің саяси тұрақтылығы;</li> <li>— елдің инвестициялық тартымдылығы;</li> <li>— пайдалы қазбалар қорларының алуан түрлілігі мен молдығы;</li> <li>— энергетикалық саладағы мемлекеттің күшті бақылауы;</li> <li>— энергетиканы дамыту стратегиясындағы «көп векторлы» көзқарас, оның ішінде экспорттық жолдарды әртараптандыру;</li> <li>— елдің мұнай байлығын басқару үшін Ұлттық қор құру.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>— сыртқы факторларға, бірінші кезекте мұнай бағасына тәуелділік;</li> <li>— қызметтер импортының жоғары үлесі;</li> <li>— энергетикалық ресурстарды тасымалдауға жұмсалатын жоғары шығыстар;</li> <li>— негізгі қорлар тозуының жоғары деңгейі;</li> <li>— жоғары білікті кадрлардың жетіспеушілігі.</li> </ul>
Мүмкіндіктері	Қауіптері
<ul style="list-style-type: none"> <li>— ДСҰ және ЕАЭО елдерінің нарықтарына тұрақты қол жеткізу;</li> <li>— аз ауқымдағы барлау және өндіру жөніндегі жобаларды іске асыру;</li> <li>— мұнай өңдеу саласын жаңғырту;</li> <li>— елдің транзиттік әлеуеті;</li> <li>— көлік секторында табиғи газды пайдалану;</li> <li>— газ негізінде ірі мұнай-химия өнеркәсібін дамыту;</li> <li>— көмірді отын ретінде баламалы пайдалану (көмір химиясы);</li> <li>— Қазақстанда атом өнеркәсібін дамыту (барлық кезеңдер).</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>— дамыған елдердің дәстүрлі энергия көздеріне деген сұранысының төмендеуі;</li> <li>— ОЭК-ке шетелдік капиталдың қатысуының жоғары деңгейі;</li> <li>— энергия ресурстарына әлемдік бағаның құбылмалылығы;</li> <li>— игерудің соңғы сатысындағы кен орындарында мұнай өндірудің қысқаруы;</li> <li>— жекелеген мемлекеттер арқылы энергетикалық ресурстарды транзиттік жеткізуге қауіп төнуі;</li> <li>— ЕАЭО елдерімен жеткілікті пысықталмаған нормативтік-құқықтық база;</li> <li>— қазақстандық энергетикалық жүйені қайта құру.</li> </ul>

Үшіншіден, негізгі көмірсутектерді өндірудің өсуіне, инвестициялардың жеткілікті ағымына, түрлі жобаларды іске асыруға, сондай-ақ бірқатар көрсеткіштердің жақсаруына қарамастан, салада энергетикалық ресурстарды тасымалдауға арналған жоғары шығыстарға және негізгі қорлардың тозуының жоғары деңгейіне байланысты жүйелі проблемалардың болуы байқалады.

Төртіншіден, мемлекеттік басқару энергетиканы дамыту стратегиясындағы «көпвекторлы» тәсілге бағытталған, сонымен қатар ЕАЭО елдерімен нормативтік-құқықтық құжаттар жеткіліксіз пысықталған.

Бесіншіден, анықталған әлсіз жақтары мен қауіптеріне қарамастан, Қазақстанның ЖЭК көлік секторында табиғи газды пайдалану, газ негізінде ірі мұнай-химия өнеркәсібін дамыту, отын (көмір химиясы) ретінде көмірді баламалы

пайдалану және атом өнеркәсібін дамыту үшін зор мүмкіндіктерге ие.

Энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету деңгейі 2017 жылы электр энергиясын тұтынудан және энергетикадағы негізгі құралдарды жаңарту коэффициентін қоспағанда, барлық көрсеткіштер бойынша 2010 жылмен салыстырғанда өсті. Бұл ретте, жан басына шаққандағы электр энергиясын тұтыну мен өндіру көрсеткіштері энергетикалық қауіпсіздік қамтамасыз етілетін шекті мәндерден едәуір асып түседі, ал отын-энергетикалық ресурстар импортының бағыты бойынша, оң динамикаға қарамастан, қауіпсіздік әзірше қамтамасыз етілмейді.

Қазіргі уақытта шетелдік капитал мемлекеттің экономикалық дамуына тікелей әсер етеді. Жаһандану үрдісі шетелдік инвестицияларға ерекше мән берді, бұл ұлттық ресурстарды

ұтымды пайдалануға және елдің экономикалық өсуіне ықпал етуге мүмкіндік берді.

Қазақстанның ЕАЭО елдерімен интеграциясы қаржылық (қол жетімді құралдарды кеңейту, транзакциялық шығындарды азайту), энергетикалық (ортақ электр энергетикалық нарықты құру), азық-түлік (азық-түлік өнімдерінің импорты мен экспорты үшін кедергілерді азайту) және көліктік (кедергісіз жүк ағындары үшін жағдайлар) қауіпсіздікті қамтамасыз етуге оң әсер етуі мүмкін. Сонымен бірге интеграциялық процестерге қарамастан, елдің өз резервтерінің экономикалық қауіпсіздігін қолдау үшін жағдайлар жасау қажет.

Тұтастай алғанда, 2010 жылдан бастап 2017 жылға дейінгі кезеңде Еуразиялық кеңістікте ықпалдасу болды, Қазақстанның экономикалық қауіпсіздігінің үш түрі бойынша қамтамасыз ету көрсеткіштері өсті, алайда қаржылық, көліктік және азық-түлік қауіпсіздігі бойынша жеткіліксіз қамтамасыз ету бар. Нәтижесінде, одақтағы Қазақстанның жұмыс істеуі елге үлкен пайда әкеледі, бұл ЕАЭО елдеріне экспорттың үлкен көлемі, іс жүзінде барлық мүше елдер бойынша Қазақстан өзара саудада оң сауда сальдосы бар.

Елдің өңдеуші өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығы дамуының жоғары деңгейі, арзан энергия ресурстарына қол жеткізу, өз өнімін экспорттау үшін ашық нарықтардың болуы Одақ шеңберінде ел экономикасының үдемелі дамуының кепілі болып табылады. Сонымен қатар, Қазақстан экономикасының Ресей экономикасындағы ахуалға жоғары тәуелділігі де бар, бұл Қазақстанның 2015 және 2016 жылдардағы экономикалық көрсеткіштерінің төмендеуіне әсер етті.

Нәтижесінде Қазақстандағы экономикалық өсудің елеусіз қарқынының себептері әлемдік экономиканың да, халықаралық сауданың да баяу қалпына келуі, өңірлерде геосаяси шиеленістің күшеюі, Ресейге қатысты енгізілген санкциялар, табиғи ресурстарға әлемдік бағаның төмендеуі болып табылады.

Өңдеуші өнеркәсіпті дамытудағы проблемалар инвестициялардың жеткіліксіз жоғары деңгейіне, рентабельділіктің төмендігіне, көпассортиментті өнім шығару технологиясын жаңғырту бойынша жүйелендірілген жұмыстың болмауына, пассивті маркетингтік қызметке және әлсіз мемлекеттік қолдауға негізделген.

Қазақстанның кейбір тауарлары экспортының құнының төмендеуінің қосымша себептері шикізатқа әлемдік бағаның төмендеуі болып та-

былады, соның салдарынан түсім төмендейді; теңгенің девальвациясы және ЕАЭО елдерінде басқа нарықтардағы арзан тауарлар есебінен тұтыну және экспорт қоржынын толтыру деңгейіне әсер еткен ұлттық валюта бағамының кросс-девальвациясы.

Қазақстанның ішкі сұранысы халықты тұтынумен қолдау табады, бұл ретте оның ЖІӨ серпініне қосқан үлесі халық табысының өсуінің қысқаруына байланысты қысқарады.

## Нәтижелер мен талқылау

Зерттеуде 2010 жылдан бастап 2017 жылға дейінгі кезеңде қауіпсіздіктің түрлері бойынша Қазақстанның экономикалық қауіпсіздігінің ағымдағы жай-күйіне интеграциялық процестердің ықпалына талдау жүргізілді. Талдау Қазақстан экономикасының ЕАЭО интеграциясы экономикалық қауіпсіздіктің екі түріне – қаржылық және азық-түлікке кері әсерін тигізгенін көрсетті. Бұл ретте интеграция энергетикалық және көлік қауіпсіздігіне оң әсер етеді, мұның дәлелі негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер бойынша жақсарту болып табылады.

Интеграцияның елдің экономикалық қауіпсіздігіне әсерін анықтау үшін интеграцияның ЕАЭО мүше елдермен салыстырғанда Қазақстанның экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету деңгейіне әсерін салыстырмалы талдау жүргізілді. Қаржы, энергетика және азық-түлік қауіпсіздігінің анықталған көрсеткіштері Қазақстан экономикасына, сондай-ақ жалпы Одақ шеңберіндегі интеграцияға теріс әсер етеді. Экономикалық қауіпсіздіктің үш түрі бойынша барлық кедергілер жойылғанға дейін қатысушы елдер арасында бірыңғай нарықтар құру және Қазақстан экономикасын дамыту қиын болады.

Елімізде энергетика саласындағы іске асырылып жатқан саясат үшін жауапты негізгі орган ҚР ЭМ болып табылады. Атом өнеркәсібін дамытудың мемлекеттік саясаты табиғи уранның әлемдік нарығында 79 уран өндіру, ядролық-отын циклінің жаңа өндірістерін құру, атом энергетикасы мен атом ғылымы инфрақұрылымын дамыту бөлігінде жетекші позицияларды сақтау жолымен елдің жеделдетілген индустриялық-инновациялық дамуын қамтамасыз ету үшін атом энергетикасын құруға бағытталады. «Жасыл экономиканы» дамытудың басым бағыттарының бірі баламалы және жаңартылатын энергия түрлерін дамыту айқындалған, оған 2050 жылға қарай жиынтық энергия тұтынудың кемінде 50,0%-ы



келуі тиіс. Жаңартылатын энергия көздерінің барлық түрлерінің (күн, жел, су, биомасса және геотермальды көздер) әлеуеті бойынша атлас әзірленетін болады. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің 2017-2021 жылдарға арналған стратегиялық даму жоспары – бәсекеге қабілеттіліктің жоғары деңгейін, энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, экономиканың энергия көздеріне өсіп келе жатқан қажеттіліктерін қамтамасыз ету, оларды тиімді пайдалануға бағытталған ғылыми-технологиялық әлеуетті дамыту, сондай-ақ қоршаған ортаның сапасын сақтау, қалпына келтіру және жақсарту бойынша жағдайлар жасау болып табылады. Қазіргі және болашақ ұрпақтың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін Қазақстан Республикасының төмен көміртекті дамуға және «жасыл экономикаға» көшуін қамтамасыз ету. ҚР Энергетика министрлігінің стратегиялық жоспарында үш стратегиялық бағыт қарастырылған: электр энергетикасын, көмір өнеркәсібін және атом энергиясын пайдалану саласын дамыту; мұнай-газ және мұнай-газ-химия салаларын дамыту; қоршаған ортаның сапасын жақсарту. Мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларды әзірлеу әдістемесіне сәйкес ҚР ЭМ стратегиялық жоспарында ОЭК барлық салалары мен қоршаған орта бойынша ағымдағы ақпарат, проблемаларды талдау көрсетілді, тәуекелдер мен оларды нивелирлеу жөніндегі іс-шаралар сәйкестендірілді, сондай-ақ 2021 жылға дейінгі кезеңге арналған 38 мақсатты индикатор анықталды. Бұдан басқа, ҚР ЭМ стратегиялық жоспарында саланы дамытудың басым бағыттары, оның ішінде экономиканың электр энергиясына қажеттілігін толық жабу, сондай-ақ инфрақұрылымды дамыту, солтүстік энергия профицитін оңтүстік өңірлерге аудару үшін жаңа электр беру желілерін салу көзделген, бұл Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикалық жүйесін нығайтуға ықпал етеді. Сондай-ақ көмір өнеркәсібіндегі басым бағыттар көмір өңдеуді дамыту болады, ол өнімнің тұтынушылық қасиеттерінің сапалы өзгеруін қамтамасыз ете алады және тиісінше оның нарықтық бағасын ұлғайтады, ал ең бастысы – энергетикалық көмір нарығынан тысқары шығуға және көмір саласында жаңа бағыт-көмірхимиялық, көмірден жоғары дәрежеде қайта бөлу бар жаңа буын өнімін алуға мүмкіндік береді.

Энергетикалық қауіпсіздік елдің ішкі тұтыну үшін энергия тасымалдаушылардың физикалық жеткізілімдерінің тұрақтылығын

қамтамасыз ету, ал екінші жағынан – оларға күрт баға ауытқуының алдын алу немесе ұлттық экономиканың жаңа баға пропорцияларына барынша ауыртпалықсыз бейімделуіне жағдай жасау мүмкіндіктерімен беріледі (Мухтарова, 2003: 125).

Елдің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету елдің энергетикалық секторына тікелей немесе жанама залал келтіруі мүмкін қауіптер кешенін анықтаумен және жүйелеумен байланысты.

Бүгінгі күні энергетикалық қауіпсіздіктің мұндай қатерлері ЕАЭО мүше-мемлекеттердің аумақтарында орналасқан мұнай және мұнай өнімдерін тасымалдау жүйелеріне (табиғи монополиялар қызметтеріне тең қол жеткізу) қол жеткізудің бірыңғай ережелерінің болмауы, мемлекеттік реттеу мен бақылауды күшейту, энергетикалық ресурстарға қол жеткізу үшін бәсекелестікті күшейту болып табылады.

### Қорытынды

Қазақстан Республикасының энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін ұзақ мерзімді перспективада атом электр станцияларын салу болжанып отыр, бұл отын цикліне уранның Елеулі қорларын тартуға және сол арқылы республиканың 80 энергетикасының өндіруші қуатын әртараптандыруға, сондай-ақ қолда бар көмірсутек ресурстарын пайдалануды оңтайландыруға мүмкіндік береді. Мұнай-газ секторында 2025 жылға қарай экологиялықтың жаңа стандарттарына сәйкес өз нарығының жанар-жағармай материалдарымен толық қамтамасыз етілуі басымдық болады. Қоршаған ортаға шығарындыларды барынша азайтуға мемлекеттік экологиялық бақылау мен нормалауды жетілдіру жолымен, сондай-ақ көмірқышқыл газының, күкірт пен азот оксидтерінің шығарындылары жөніндегі «Жасыл экономика» тұжырымдамасының нысаналы индикаторларына қол жеткізу және БҰҰ-ның Климаттың өзгеруі туралы негіздемелік конвенциясының және өзге де келісімдердің міндеттемелерін орындау арқылы қол жеткізілетін болады. Осылайша, энергетикалық қауіпсіздікті басқаруды дамытудың қазіргі жай-күйін қарап келесілерді атап өтуге болады:

Қазақстан Республикасының Президенті ұлттық қауіпсіздікті, оның ішінде энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын айқындайды. Президент Әкімшілігі атқарушы

биліктің барлық тармақтарының қызметін үйлестіру мен мониторингке жауап бере отырып, Президент белгілеген стратегиялық бағыттардың іске асырылуын бақылауды жүзеге асырады. Қазақстан Парламенті саясатты қалыптастыруға қатыспайды, бірақ ол Үкімет әзірлеген және ұсынған бағдарламаларды қарайды, сондай-ақ тиісті заңдарды қабылдайды.

ҚР Энергетика министрлігі экономиканың энергия мен энергия ресурстарына қажеттілігін қанағаттандыруды, отын-энергетика кешенін дамытуды, сондай-ақ энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі қызметті ведомствоаралық үйлестіруді қамтамасыз ететін орталық атқарушы орган болып табылады.

Елдің энергетикалық қауіпсіздігіне мемлекеттік ықпал ету нормативтік және бағдарламалық құжаттардың көмегімен жүзеге асырылады. Бұл құжаттарда қолайлы кәсіпкерлік және инвестициялық климат құру, электр энергиясы мен қуаттың көтерме сауда нарықтарының моделін енгізу және тариф белгілеу әдістерін жетілдіру арқылы энергетикалық саланың тиімділігін арттыру жөніндегі жүйелі шараларға, сондай-ақ экономиканың экологиялық аспектілеріне, оның ішінде ел экономикасының энергия сыйымдылығын төмендету және «жасыл» технологиялар мен ЖЭК дамыту жөніндегі шараларға үлкен назар аударылды.

### Әдебиеттер

Buzan B. *People, States, and Fear – The National Security Problem in International Relations*. – University of North Carolina Press: Chapel Hill. – 1983, p. 4.

Buzan B., Waever O., Wilde J. *Security: A New Framework for Analysis*. – London: Lynne Rienner Publishers. – 1998, 237 p.

Checkel J.T. *Process Tracing*. In *Qualitative Methods in International Relations: A Pluralist Guide*. – Palgrave Macmillan. – 2008.

David A. D., Joseph S. N. *Energy and Security*. – Cambridge, Mass.: Ballinger Pub. Co. – 1981, 185 p.

Jacks D.S., Meissner C.M., Novy D. *Trade Booms, Trade Busts, and Trade Costs // Journal of International Economics*. – 2011. – vol. 83, pp. 185-201.

Hough P. *Understanding Global Security*. Ed. 2nd. – London: Routledge. – 2008, 293 p.

Sustainable Energy Authority of Ireland. *Energy Security in Ireland: Statistical Overview*. – 2011, [http://www.seai.ie/Publications/Statistics\\_Publications/EPSSU\\_Publications/Energy\\_Security\\_in\\_Ireland/Energy\\_Security\\_in\\_Ireland\\_A\\_Statistical\\_Overview.pdf](http://www.seai.ie/Publications/Statistics_Publications/EPSSU_Publications/Energy_Security_in_Ireland/Energy_Security_in_Ireland_A_Statistical_Overview.pdf)

Tsereteli M. *Economic and Energy Security: Connecting Europe and the Black Sea-Caspian Region*. – 2008, [http://www.silkroadstudies.org/resources/pdf/SilkRoadPapers/2008\\_03\\_SRP\\_Tserete\\_li\\_Energy-Black-Sea.pdf](http://www.silkroadstudies.org/resources/pdf/SilkRoadPapers/2008_03_SRP_Tserete_li_Energy-Black-Sea.pdf). – 2008

Wallis J.J. *Lessons from the Political Economy of the New Deal // Oxford Review of Economic Policy*. – 2010. – vol. 26, pp. 442-462.

Азатбек Т., Тлесова Е., Жанабергена М. *Economic Security of Enterprise: учебное пособие для студентов*. – Астана: ТОО «KAZAKH MEDIA», 2017. – 320 с.

Закон Республики Казахстан “О национальной безопасности Республики Казахстан” от 6 января 2012 года, №527-IV, [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=31106860](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31106860)

Колупаев В.А. *Формирование концепции национальной экономической безопасности в зарубежных странах // Белорусская экономика: анализ, прогноз, регулирование: экономический бюллетень НИЭИ Минэкономики РБ*. – Минск, 2002. – №12. – С. 2-9.

Мухтарова К.С., Кенжебаева А.Р., Тумбетова А.С. *Экономическая безопасность в условиях глобализации: учебное пособие*. – Алматы: Юрист, 2003. – 125 с.

Основные социально-экономические показатели РК за 1991-2017, <http://stat.gov.kz/getImg?id=ESTAT105377>.

Официальный сайт Комитета Статистики при Министерстве национальной экономики РК, <https://www.economy.gov.kz/>

Послание Президента Республики Казахстан – Лидера Нации Н.А. Назарбаева народу Казахстана «Стратегия «Казахстан 2050»: новый политический курс состоявшегося государства». – Астана, 2012.

По итогам 2017 года: отчет. – Национальный банк Республики Казахстан, <http://www.nationalbank.kz>.

Экспресс-информация «Об инфляции в Республике Казахстан» с 1991-2017 годов, <http://stat.gov.kz/getImg?id=ESTAT247095>.

### References

Azatbek T., Tlesova E., Dzhanabergenova M. (2017) *Economic Security of Enterprise: uchebnoe posobie dlya studentov*. Astana: ТОО «KAZAKH MEDIA», 320 p.

Buzan B. (1993) *People, States, and Fear – The National Security Problem in International Relations*. University of North Carolina Press: Chapel Hill, p. 4.

- Buzan B., Waever O., Wilde J. (1998) *Security: A New Framework for Analysis*. London: Lynne Rienner Publishers, 237 p.
- Checkel J.T. (2008) *Process Tracing*. In *Qualitative Methods in International Relations: A Pluralist Guide*. Palgrave Macmillan, David A.D., Joseph S.N. (1981) *Energy and Security*. Cambridge, Mass.: Ballinger Pub. Co., 185 p.
- Ekspres-informaciya «Ob inflyacii v Respublike Kazahstan» s 1991- 2017 godov [Express information “on inflation in the Republic of Kazakhstan” from 1991-2017], <http://stat.gov.kz/getImg?id=ESTAT247095>.
- Hough P. (2008) *Understanding Global Security*. Ed. 2nd. London: Routledge, 293 p.
- Jacks D.S., Meissner C.M., Novy D. (2011) Trade Booms, Trade Busts, and Trade Costs. *Journal of International Economics*, vol. 83, pp. 185-201.
- Kolupaev V.A. (2002) Formirovanie koncepcii nacional'noj ekonomicheskoy bezopasnosti v zarubezhnyh stranah [Formation of the concept of national economic security in foreign countries]. *Belorusskaya ekonomika: analiz, prognoz, regulirovanie: ekonomicheskij byulleten' NIEI Minekonomiki RB*, Minsk, №12, pp. 2-9.
- Mukhtarova K.S., Kenzhebaeva A.R., Tumbetova A.S. (2003) *Ekonomicheskaya bezopasnost' v usloviyah globalizacii: uchebnoe posobie* [Economic security in the context of globalization: a textbook]. Almaty: YUrist, 125 p.
- Oficial'nyj sajt komitet statistiki pri Nacional'noj ekonomiki RK [Official website of the Statistics Committee under the Ministry of National Economy of the Republic of Kazakhstan], <https://www.economy.gov.kz/>
- Osnovnye social'no-ekonomicheskie pokazateli RK za 1991-2017 [The main socio-economic indicators of the Republic of Kazakhstan for 1991-2017], <http://stat.gov.kz/getImg?id=ESTAT105377>.
- Po itogam 2017 goda: otchet [At the end of 2017: report]. Nacional'nyj bank Respubliki Kazahstan, <http://www.nationalbank.kz>.
- Poslanie Prezidenta Respubliki Kazahstan – Lidera Nacii N.A. Nazarbaeva narodu Kazahstana (2012) «Strategiya “Kazahstan 2050”: novyj politicheskij kurs sostoyavshegosya gosudarstva» [“Strategy “Kazahstan 2050”: a new political course of the established state»]. Astana.
- Sustainable Energy Authority of Ireland (2011) *Energy Security in Ireland: Statistical Overview*, [http://www.seai.ie/Publications/Statistics\\_Publications/EPSSU\\_Publications/Energy\\_Security\\_in\\_Ireland/Energy\\_Security\\_in\\_Ireland\\_A\\_Statistical\\_Overview.pdf](http://www.seai.ie/Publications/Statistics_Publications/EPSSU_Publications/Energy_Security_in_Ireland/Energy_Security_in_Ireland_A_Statistical_Overview.pdf)
- Tsereteli M. (2008) *Economic and Energy Security: Connecting Europe and the Black Sea-Caspian Region*, [http://www.silkroadstudies.org/resources/pdf/SilkRoadPapers/2008\\_03\\_SRP\\_Tserete li\\_Energy-Black-Sea.pdf](http://www.silkroadstudies.org/resources/pdf/SilkRoadPapers/2008_03_SRP_Tserete%20li_Energy-Black-Sea.pdf).
- Wallis J.J. (2010) Lessons from the Political Economy of the New Deal. *Oxford Review of Economic Policy*, vol. 26, pp. 442-462.
- Zakon Respubliki Kazahstan “O nacional'noj bezopasnosti Respubliki Kazahstan” ot 6 yanvarya 2012 goda, №527-IV [Law of Kazakhstan «On national security of the Republic of Kazakhstan» from January 6, 2012, No. 527-IV], [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=31106860](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31106860)